

## «Қазгидромет» РМК

### 2026 жылғы қаңтардағы Қазақстандағы үскірік аяздар мен жылымық күндер

Қазақстанда 2026 жылдың қаңтар айы айқын температуралық айырмашылықтармен сипатталды. Жалпы алғанда, еліміздің басым бөлігінде орташа ауа температурасы *климаттық норма шегінде* болды, алайда республиканың солтүстік және солтүстік-батыс өңірлерінде ауа температурасы *нормадан 1-2°C-қа төмен*, ал орталық, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында *нормадан 1-4°C-қа жоғары* тіркелді.

Айдың бірінші онкүндігінде еліміздің барлық аумағында, ал қаңтардың екінші онкүндігінің басында Қазақстанның оңтүстік жартысында температуралық фон жоғары болды. Орталық Азия аудандарынан жылы ауа массаларының келуіне байланысты республиканың оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында, орталығында және шығысында рекордтық көрсеткіштер тіркелді. Мысалы: 11 қаңтарда Қарағанды қаласында температуралық рекорд тіркелді: ауа температурасы +5,5°C-қа жетіп, 2016 жылғы алдыңғы максимумнан +1,5°C-қа асып түсті; Шымкент МС-да ауа температурасы +17,4°C-қа жетіп, 1987 жылғы рекордты (+17,3°C) жаңартты; Тараз МС-да температура көрсеткіштері +19,3°C-ты құрап, 1999 жылғы бұрынғы рекордтан (+14,2°C) жоғары болды, 12 қаңтарда Ақтау МС-да термометр бағандары +13,4°C белгісіне жетіп, 2025 жылғы максимумнан (+9,7°C) асты; Қарағанды МС-да +1,2°C көрсеткіші тіркеліп, 1975 жылғы бұрынғы рекордтан (+1,0°C) жоғары болды, Семей МС-да +1,5°C тіркеліп, 1975 жылғы алдыңғы рекордтан (+1,0°C) асты; Өскемен МС-да ауа температурасы +4,4°C-ты құрап, 1987 жылғы рекордтан (+3,4°C) асып түсті, 13 қаңтарда Түркістан МС-да ауа температурасы +16,8°C-ты құрап, 1986 жылғы рекордтық көрсеткіштен (+11,3°C) жоғары болды.

Сонымен қатар, Жаңа Жер аудандарынан суық ауа массаларының енуіне байланысты еліміздің солтүстік жартысында ауа температурасы күрт төмендеді. Мұнда түнде негізгі температура фоны -30-38°C-ты құрады. Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында ауа температурасы -40°C-қа дейін төмендеді, ал Марқакөл МС-да -42,6°C аяз байқалды.

2026 жылдың қаңтар айы Қазақстанда үскірік аяздар мен жылымық кезеңдерді, қарқынды қар жаууы мен қатты желді ұштастыра отырып, еліміздің аумағындағы қысқы ауа райының қарама-қайшылығы мен құбылмалылығын тағы да айқындап берді.

Астана қаласында айлық орташа ауа температурасы -14,3°C-ты құрады, бұл айлық норма -14,5°C болғанда, нормадан 0,2°C-қа жоғары.

Ең жоғары ауа температурасы 11 қаңтарда байқалып, +1,6°C-ты құрады. Ең төменгі ауа температурасы 17 қаңтарда тіркеліп, -28,3°C-ты құрады.

Бір айда 23 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық норма 18 мм болғанда, нормадан көп (128%) болып табылады.

**Гидрометорталық директоры**



**М. Шмидт**

**АРҰМББ басшысы**



**Ж. Исабекова**

☞ *АРҰМББ 1 санатты инженері Шаяхметов К.*  
*Аударған: техник Смағұлова Л.*